

«№4 Хромтау орта мектебі» Коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Мемлекеттік қызметтер көрсетуде жауапты тұлғалармен кеңестің
хаттамасы № 1

Өткізілу күні: 21.02.2022 ж
№4 Хромтау орта мектебі

Қатысқандар саны – 5 адам. (тізім бойынша)

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. №4 Хромтау орта мектебінде көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын жақсарту туралы.

А.Т.Ешкеева – мектеп директоры

ТЫҢДАЛДЫ:

1. А.Т.Ешкеева – мектеп директоры

Мектеп директоры А.Т.Ешкеева №4 Хромтау орта мектебінде көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің орындалу сапасын жақсарту бойынша жауапты орындаушылармен кеңес өткізді. Мемлекеттің қызметтер көрсетудің нормативтік құжаттарында болған өзгерістер мен толықтырулармен таныстырды. Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м.а. 2020 жылғы 31 қаңтардағы № 39/НҚ бұйрығымен «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімі» жаңартылды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 158 бұйрығына 10-қосымша «"Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну" мемлекеттік қызметті көрсету қағидалары» негізінде тамақтану стандарты талданды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары» 2 бөлімі 9 тармағы негізінде бірінші сыныпқа құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижелерін беру «Е Ақтобе», «mektap.akt.kz» электрондық форматта ("электрондық үкімет" веб-порталы) арқылы және қағаз түрінде екі тәсілмен жүзеге асырылады. 2022-2023 оқу жылына «№4 Хромтау орта мектебі» КММ-нің бірінші сыныбына қабылданатын балалардың ата-аналарынан немесе өзге де заңды өкілдерінен құжаттарды қабылдау 2022 жылдың 01 сәуірінен 01 тамыз аралығында дейін «mektap.akt.kz» электрондық форматта жүргізілетіндігі, оған дейін наурыз айында ата-аналарға түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажеттілігі айтылды. Мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапты тұлғаларға қызмет көрсетудің жауаптылығы мен көрсету сапасын жақсарту жағдайлары туралы тапсырмалар берілді. **Ұсыныс берілді:** Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер бойынша бекітілген жауапты тұлғалардың заңдылықтарды сақтауына қамтамасыз етілуін.

Жиналыс
Хатшы:



А.Т.Ешкеева
Шектибаева